

## Бейнеу аудандық Қоғамдық кеңесі отырысының ХАТТАМАСЫ

29.11.2023 жыл  
Сағ: 15.00

№8

Бейнеу ауылы

**Өткізілген жері:** Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залы.

**Қатысқандар:** Бейнеу ауданы Полиция бөлімі бастығының орынбасары М.Бабышов, Бейнеу орталық аудандық ауруханасы директорының міндетін уақытша атқарушы А.Шонтыбаева, Боранқұл ауылы әкімінің міндетін уақытша атқарушы С.Өтепов, Есет ауылының әкімі М.Қаниев.

### Құрметті отырысқа қатысушылар!

Бүгінгі отырысқа Бейнеу ауданының Қоғамдық кеңесі мүшелерінің 10 (он) мүшесі қатысып отыр. Қалған 5 (бес) мүшесі белгілі себептермен қатыса алмай отыр. Қатысып отырған Қоғамдық кеңес мүшелерінің саны отырысты ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан отырыс ашылсын деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

*Жақтағандар: 10 (он) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).*

Олай болса отырысты ашық деп жариялаймын.

### Отырыстың күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылып отыр:

1. Бейнеу ауданы Полиция бөлімінің 2023 жылдың 10 айында атқарылған жұмыс нәтижелерінің қорытындысын тыңдау.
2. Бейнеу орталық аудандық ауруханасының 2023 жылдың 10 айында атқарылған жұмыс нәтижелерінің қорытындысын тыңдау.
3. Боранқұл ауылы әкімінің 2023 жылдың 10 айында атқарылған жұмыс нәтижелерінің қорытындысын тыңдау.
4. Есет ауылы әкімінің 2023 жылдың 10 айында атқарылған жұмыс нәтижелерінің қорытындысын тыңдау.

Күн тәртібіндегі мәселелерге қосып алатындарыңыз бар ма?

Жоқ болса, күн тәртібі бекітілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

*Жақтағандар: 10 (он) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).*

Күн тәртібі бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға көшеміз.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Бейнеу ауданы Полиция бөлімі бастығының орынбасары М.Бабышовқа сөз беріледі.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыға пікірлер мен сұрақтар бар ма?

*Сұрақ: Қоғамдық кеңес мүшесі А.Мұханова:* Салық төлеуден жалтарып заңсыз саудамен, құрылыспен айналысқан шетел азаматтарының тіркеу мекен-жайларын тексеріп, есепке аласыздарма?

*Жауап: Бейнеу ауданы Полиция бөлімі бастығының орынбасары М.Бабышов:* Учаскелік инспекторға шетел азаматтарының келген мақсаты туралы ақпараттар беріліп отырады. Е-қонақ деген арнайы базаға тіркеледі.

*Ұсыныс: Қоғамдық кеңес мүшесі А.Есетова:* Жол-көлік оқиғасынан қаза болғандар санының артуына байланысты, оның алдын-алу үшін басқа да шаралар ұйымдастыруды және жасөспірімдер арасындағы газ толтырылған шарларды пайдалануға тыйым салу үшін кәсіпкерлік нысандарды аралап, сатылмауына түсіндіру шараларын ұйымдастыруды ұсынды.

*Ұсыныс: Бейнеу ауданы Полиция бөлімі бастығының орынбасары М.Бабышов:* Қазіргі таңда интернет алаяқтық белең алуына байланысты онлайн сауда жасауда, өздері туралы мәліметті бейтаныс адамдарға ұсынуда қырағылық таныту бойынша халыққа түсіндіру жүргізуді сұрады.

Басқа пікірлер мен сұрақтар жоқ болса, Бейнеу ауданы Полиция бөлімі бастығының орынбасары М.Бабышовтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

*Жақтағандар: 10 (он) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).*

Олай болса, Бейнеу ауданы Полиция бөлімі бастығының орынбасары М.Бабышовтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Бейнеу орталық аудандық ауруханасы директорының міндетін уақытша атқарушы А.Шонтыбаеваға сөз беріледі.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыға пікірлер мен сұрақтар бар ма?

*Ұсыныс: Қоғамдық кеңес төрағасы Т.Амалбаев:* Бейнеу орталық аудандық ауруханасындағы өзекті мәселелердің бірі халықтың медицина саласына жүгіну барысын жеделдетіп, тиімді жолға келтіруді, бос орындарға дәрігерлердің жетіспеушілігін шешу үшін жас мамандарды ауданға алдыру жолын қарастыруды ұсынды.

*Ұсыныс: Бейнеу орталық аудандық ауруханасы директорының міндетін уақытша атқарушы А.Шонтыбаева:* «DAMUMED» медициналық ақпараттық жүйесінің тиімділігін халыққа түсіндіруді, жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің алдын-алу және АИТВ/ЖИТС (ВИЧ/СПИД) жұқпасының алдын алу бағытында жоғары сынып оқушыларына түсіндіру жүргізуді ұсынды.

Басқа пікірлер мен сұрақтар жоқ болса, Бейнеу орталық аудандық ауруханасы директорының міндетін уақытша атқарушы А.Шонтыбаеваның атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

*Жақтағандар: 10 (он) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).*

Олай болса, Бейнеу орталық аудандық ауруханасының ауруханасы директорының міндетін уақытша атқарушы А.Шонтыбаеваның атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Боранқұл ауылы әкімінің міндетін уақытша атқарушы С.Өтеповке сөз беріледі.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыға пікірлер мен сұрақтар бар ма?

*Сұрақ: Қоғамдық кеңес төрағасы Т.Амалбаев:* Боранқұл ауылындағы Республикалық тас жолы бойын жарықтандыру мәселесі шешілдіме?

*Жауап: Боранқұл ауылы әкімінің міндетін уақытша атқарушы С.Өтепов:* «ҚазақАвтоЖол» мекемесіне мәселелер ретінде көтеріп, қазіргі таңда Боранқұлға кірер 7 км тас жолдың бойы жарықтандырылатыны оң нәтиже тапты.

*Ұсыныс: Қоғамдық кеңес төрағасы Т.Амалбаев:* Ауыл аймағында орналасқан өндірістік кен орындарға ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуды басты назарда ұстауды ұсынды.

*Сұрақ: Қоғамдық кеңес мүшесі Н.Аманқосов:* Ауылға төгілген қоқыс мәселесі және ауа-райының қолайсыздығына байланысты шатыры ұшқан екі қабатты үйлердің жағдайы не болды?

*Жауап: Боранқұл ауылы әкімінің міндетін уақытша атқарушы С.Өтепов:* Ауыл тазалығы басты назарда ұсталып, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау полигонының қоршау жұмыстарының жасалуы аудандық тұрғын үй-коммуналдық бөліміне берілді. Шатыры ұшқан екі қабатты үйлерді мердігер қалпына келтіруде.

Басқа пікірлер мен сұрақтар жоқ болса, Боранқұл ауылы әкімінің міндетін уақытша атқарушы С.Өтеповтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

*Жақтағандар: 10 (он) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).*

Олай болса, Боранқұл ауылы әкімінің міндетін уақытша атқарушы С.Өтеповтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Есет ауылының әкімі М.Қаниевке сөз беріледі.

Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыға пікірлер мен сұрақтар бар ма?

*Ұсыныс: Қоғамдық кеңес төрағасы Т.Амалбаев:* Есет ауылындағы баланста жоқ кітапхананы балансқа алу мәселесін және №20-21 көппәтерлі тұрғын үйлерге жөндеу жұмыстарын жүргізуді және қазіргі таңда білім беру ұйымы темір жол торабы қауіпті аймағына жақын орналасқандықтан балалар қауіпсіздігі үшін типтік үлгідегі білім беру ұйымы құрылысын салу басты назарда ұстауды ұсынды.

Басқа пікірлер мен сұрақтар жоқ болса, Есет ауылының әкімі М.Қаниевтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін деген Қоғамдық кеңес мүшелері дауыс берулеріңізді сұраймын?

*Жақтағандар: 10 (он) адам (қарсы жоқ, қалыс қалған жоқ).*

Олай болса, Есет ауылының әкімі М.Қаниевтың атқарған жұмыс нәтижесінің қорытындысына қанағаттанарлық деген баға берілсін.

### Қарар қабылданды:

Құрметті отырысқа қатысушылар, Қоғамдық кеңес күн тәртібіндегі мәселелерді толықтай қарап келесідей қарар етеді:

1. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23 – бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Полиция бөлімі бастығының орынбасары М.Бабышовқа, Бейнеу орталық аудандық ауруханасы директорының міндетін уақытша атқарушы А.Шонтыбаеваға, Боранқұл ауылы әкімінің міндетін уақытша атқарушы С.Өтеповке, Есет ауылының әкімі М.Қаниевке **қанағаттандырарлық** деген бағалар берілсін.

2. Қоғамдық кеңес мүшелерінің тарапынан түскен ұсыныстар қаперге алынсын.

3. Ұсыныстардың орындалысы туралы ақпарат 15 күн ішінде Қоғамдық кеңеске жазбаша түрде жолдансын.

4. Хаттаманы жолдау Қоғамдық кеңестің хатшысы Қ.Бортановаға жүктелсін.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Т.Амалбаев

Қоғамдық кеңес хатшысы



Қ.Бортанова